



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 6 (126) 2021

- «Азаматтық қорғау туралы» заңға қандай өзгерістер енгізілгенін білесіз. Сізге бүкіл заңды зерделеудің қажеті жоқ, өйткені біз құжаттан үзінді келтіреміз, бұл еңбекті қорғау жөніндегі маманның жұмысында не өзгергенін және қандай жаңа нормалар енгізілгенін бірден түсінуге көмектеседі.
- Медициналық білімі жоқ адамдардың алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін талдаймыз. Жұмыс беруші жұмыскерлерді алғашқы көмек көрсетуге оқытуды қамтамасыз етуге міндетті. Оқытуды қайда және қаншалықты жиі ұйымдастыруға болады – ол жайында сіз құжаттан біле аласыз.
- Егер жұмысшылар арнайы тамақпен және ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілсе, зиянды жағдайдағы жұмысы үшін қосымша ақы төлеу қажет пе екені туралы біле аласыз.
- Узнаете, какие изменения внесли в Закон «О гражданской защите». Чтобы вам не пришлось изучать весь закон, мы приводим извлечения из документа, которые помогут сразу понять, что изменилось в работе специалиста по охране труда и какие новые нормы ввели.
- Разберётесь с Правилами оказания первой помощи лицами без медицинского образования. Работодатель обязан обеспечить обучение работников оказанию первой помощи. Где и как часто организовывать обучение – узнаете из документа.
- Поймёте, нужно ли доплачивать за работу во вредных условиях, если работников обеспечивают спецпитанием и СИЗ.

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»


Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- Что нового будет в Трудовом кодексе о дистанционной работе?

ISSN 1996-2053





ПРИМИТЕ УЧАСТИЕ В ПРАКТИЧЕСКОМ ОБУЧЕНИИ



МЦФЭР-Казахстан

21–24 июня

«Безопасность и охрана труда в РК»

**АКЦИЯ
2+1**

При участии двух слушателей
в онлайн семинаре – участие третьего
в подарок!

Тел.: +7 777 273 32 28;
+7 702 953 01 07
www.seminar.mcfr.kz

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеенко
email: otk@mcf.kz

Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – А. Н. Мамиева
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcf.kz

www.kadry.mcf.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcf.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcf.kz, info@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантикеева

email: support@mcf.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

• по online-заявке – www.kadry.mcf.kz

• в редакции в отделе адресной подписки

• по каталогам (подписной индекс – 74315)

– «Казпочта»: почтовые отделения

– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны*

официально опубликованным версиям.

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcf.kz,
info@mcf.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 6 (126) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

**Оспанқұлов
Төлеген Қапақұлы,**
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеу-
меттік қорғау министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау
және көші-қон комитеті
төрағасының орынбасары

**Оспанкулов
Төлеген Капакович,**
заместитель председателя
Комитета труда, социаль-
ной защиты и миграции
Министерства труда и соци-
альной защиты населения
Республики Казахстан

**Беккер
Владимир Робертович,**
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

**Беккер
Владимир Робертович,**
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

**Сәдуақасов
Нұрқан Олжабайұлы,**
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министр-
лігінің Тауарлар мен көр-
сетілген қызметтердің сапа-
сы мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

**Садвакасов
Нуркан Олжабаевич,**
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респуб-
лики Казахстан

**Құнанбаев
Нұрбек Сейітқамзаұлы**
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

**Кунанбаев
Нурбек Сейткамзинович,**
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»»



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

Маманнан сұраңыз

Егер жұмыскерлер ЕПТ және ЖҚЖ-мен қамтамасыз етілсе, зиянды жағдайларда жұмыс істегені үшін қосымша ақы төлемеуге бола ма

3

Кәсіпорындағы өрт күзетінің жауынгерлері мен жүргізушілері үшін 24 сағат жұмыс істеуге рұқсат етіле ме

6

Электрқондырғыға қызмет көрсететін персоналды өз комиссиясымен электр қауіпсіздігі бойынша 3-топқа оқытуға бола ма

7

Заңнамаға шолу

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

11

Қоршаған ортаны қорғау

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

25

Денсаулық сақтау

Медициналық білімі жоқ адамдардың алғашқы көмек көрсету қағидалары

39

Халықты жұмыспен қамту

Маусымдық шетелдік жұмыскерлердің еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін кәсіптердің тізбесі

49

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

Спросите специалиста

Можно ли не доплачивать за работу во вредных условиях, если работников обеспечивают ЛПП и СИЗ

50

Допускается ли работа по 24 часа для бойцов и водителей пожарной охраны на предприятии

53

Можно ли своей комиссией обучать обслуживающий электроустановку персонал на 3-ю группу по электробезопасности

54

Обзор законодательства

Какие изменения и дополнения внесли в Закон «О гражданской защите»

58

Охрана окружающей среды

Утвердили технические удельные нормативы эмиссий

72

Охрана здоровья

Правила оказания первой помощи лицами без медицинского образования

86

Занятость населения

Перечень профессий для осуществления трудовой деятельности сезонных иностранных работников

96

Егер жұмыскерлер ЕПТ және ЖҚЖ-мен қамтамасыз етілсе, зиянды жағдайларда жұмыс істегені үшін қосымша ақы төлемеуге бола ма?

Кәсіпорында еңбек жағдайлары бойынша 2015, 2016, 2020 жылдары аттестаттау жүргізілді. Комиссияның ұсынымдары бойынша 2015–2016 жылдары кейбір лауазымдар үшін зиянды еңбек жағдайларына қатысты қосымша ақы, қосымша еңбек демалысы белгіленді. 2020 жылы осы лауазымдар бойынша комиссия нақты жұмыс істеген күндері үшін 0,5 л сүтпен қамтамасыз етуді және арнайы киіммен (арнайы киім үнемі беріледі) қамтамасыз етуді ұсынды. Бұл зиянды жағдайларда (2-класс) жұмыс істегені үшін қосымша ақы төлемеуге негіз бола ма? Осы санаттағы лауазымдардың қосымша демалысы туралы не деуге болады?



Жауап беретін: Конисов Ж. А., «Tin One Mining» АҚ-ның өндірістік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау инженері

Өндірістік объектілер еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттауға жатады. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі **мамандандырылған ұйымдар** мерзімді түрде **кемінде бес жылда бір рет жүргізеді** (ҚР ЕК-нің 183-бабы). Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1057-бұйрығымен бекітілген (*бұдан әрі мәтін бойынша – Өндірістік объектілерді аттестаттау қағидалары*).

Аттестаттауға Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың **барлық өндірістік объектілері жатады** (Өндірістік объектілерді аттестаттау Ережелерінің 4-тармағы).

Өндірістік объектілер – өнімді шығару және дайындаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндіру және қайта өңдеумен, құрылыс және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысатын ұйымдардың цехтары, учаскелері және өзге де жеке орналасқан өндірістік бөлімшелері (Өндірістік объектілерді аттестаттау Ережелерінің 2-тармағының 11) тармақшасы).

Аттестаттауды өткізу мерзімдерін ұйым еңбек жағдайларының өзгеруіне қарай өндірістік объектілерді соңғы аттестаттау өткізілген күннен бастап белгілейді.

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізу тәртібінің бұзылуы анықталған кезде өндірістік объектілерді кезектен тыс аттестаттау еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды мемлекеттік қадағалау және бақылау органының талабы бойынша жүргізіледі.

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша кезектен тыс аттестаттау

нәтижелері өндірістік объектіні еңбек жағдайлары бойынша алдыңғы аттестаттау материалдарына қосымша түрінде ресімделеді.

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау – өндірістік объектілерді (өндірістік қызметті жүзеге асыратын цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындарын, сондай-ақ ұйымдардың бөлек тұрған өзге де бөлімшелерін) оларда орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндылығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында бағалау жөніндегі қызмет. (Өндірістік объектілерді аттестаттау Ережелерінің 1-тармағының 13) тармақшасы). **Жұмыс орны** – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындау кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны (Өндірістік объектілерді аттестаттау Ережелерінің 1-тармағының 7) тармақшасы).

Өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізудің уақыттылығы мен сапасын бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады.

Өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылған.

Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу еңбек жағдайлары қалыпты жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеумен салыстырғанда, мөлшері ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде немесе ұжымдық келісімшартта айқындалатын зияндылық пен қауіптілік дәрежесі бойынша еңбек жағдайларын жіктейтін салалық коэффициенттерді ескере отырып, жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер) немесе қосымша ақылар белгілеу жолымен **жоғары мөлшерде** белгіленеді (ҚР ЕК 105-бабы).

Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес жоғары мөлшерде төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Еңбекке ақы төлеу шарттары ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстардағы еңбегі өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерімен расталған жұмыскерлерге беріледі.

Жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша, сондай-ақ аттестаттауға жатпайтын жұмыс орындары бойынша аттестаттауды өткізбеген жағдайда, ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Егер өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерінде өзгеше белгіленбесе, жұмыс беруші жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын (мысалы, күнтізбелік алты күн) беруге міндетті.

Зиянды еңбек жағдайындағы жұмыс үшін қосымша ақы мөлшерін **жұмыс беруші дербес анықтайды және ол ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде**, оның ішінде жұмыс орындарын еңбек жағдайларына қатысты аттестаттау жүргізілмеген жағдайда **белгіленеді**.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер мамандықтарының тізбесінде көзделген жұмыскерлердің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді агенттер өз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары жойылған жағдайда агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыру қағидаларына сәйкес (*бұдан әрі мәтін бойынша – Қағидалар*) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 255 қаулысымен бекітілген агенттер еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көрсетілген жұмыскерлерге міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырады, олардың пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысымен бекітілген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырады (*бұдан әрі мәтін бойынша – Тізбе*).

Ережеге сәйкес, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Тізбеде көзделген еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен уақытша айналысатын ұйымдардың өндірістік, қосалқы және қосымша цехтарының жұмыскерлеріне де төленеді.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары кәсіптері мен лауазымдары Тізбенің «Жалпы кәсіптер» бөлімінде көзделген жұмыскерлерге, егер бұл кәсіптер Тізбенің тиісті бөлімдерінде немесе бөлімшелерінде арнайы көрсетілмесе, олардың қандай да бір өндірістерде немесе цехтарда жұмыс істейтініне қарамастан жүзеге асырылады.

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайларына қатысты аттестаттау және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыскерлердің айына кемінде 80 %-ы жұмыс істейтін кәсіптерін мерзімді міндетті медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша анықтаған жағдайда, жұмыс берушілер, жұмыскерлердің өкілдері, мүдделі мемлекеттік органдар еңбек жөніндегі уәкілетті органға оларды Тізбеге енгізу жөнінде негізделген ұсыныстар енгізеді.

Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары жойылған жағдайда агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

Сүт және емдік-профилактикалық тамақ (ЕПТ) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығына сәйкес жұмыскерлерге кәсіби аурулар мен уланулардың алдын алу, жұмыскерлердің денсаулығын нығайту мақсатында өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша беріледі. Сүт ауысымға (үзіліс кезінде), ұзақтығына қарамастан, жұмыскердің химиялық заттарды өндіруге немесе

қолдануға байланысты жұмыстарда нақты жұмыс істеген күндерінде Нормаларға сәйкес беріледі. Сүт және ЕПТ берілетін заттар мен жұмыстардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған мамандандырылған өнімдерді беру нормаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1056 бұйрығымен бекітілді. Майлылығы 3,2 пайызға дейінгі сүт жұмыскердің жұмыста нақты жұмыс істеген күндерінде, оның ұзақтығына қарамастан, ауысымда 0,5 литрден беріледі.

Яғни, сүт және ЕПТ өндірістік объектілерді еңбек жағдайларына қатысты аттестаттау нәтижелері бойынша ғана беріледі. Аттестация өткізілгенге дейін сүт пен ЕПТ жұмыскерлерге берілмейді.

Осылайша, сүт және емдік-профилактикалық тамақ, жеке қорғаныш құралдарын беру, сондай-ақ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу **жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына** және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлер үшін **еңбекақы төлеудің жоғары мөлшеріне құқықтарын алмастырмайды.**

Кәсіпорындағы өрт күзетінің жауынгерлері мен жүргізушілері үшін 24 сағат жұмыс істеуге рұқсат етіле ме

Өрт-жарылыс қауіпсіздігі жоғары кәсіпорында ерікті өртке қарсы құралым (ЕӨҚ) қызметі ұйымдастырылды: екі адамнан төрт ауысым. Қазіргі уақытта олар ауысымдық кесте бойынша жұмыс істейді – үш күн сайын. Кәсіпорындағы өрт күзетінің жауынгерлері мен жүргізушілері үшін 24 сағат жұмыс істеуге рұқсат етіле ме?



Жауап беретін: Аширов А. А., еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы

Жұмыс уақытына қойылатын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ЕК) талаптарын қарастырып көрелік.

ҚР ЕК 68-бабының 1-тармағына және 3-тармағына сәйкес:

- қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығы **аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс;**
- негізгі жұмыс орны бойынша және қосымша атқаратын жұмысы бойынша күнделікті жұмыстың жиынтық ұзақтығы ҚР ЕК 71-бабының 4-тармағында белгіленген **күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан 4 сағаттан артық аспауы тиіс.**

ҚР ЕК 71-бабының 4-тармағына сәйкес, ҚР ЕК-де және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, **күнделікті жұмыстың ұзақтығы 8 сағаттан аспайды.**

ҚР ЕК 73-бабына сәйкес:

1. Ауысымдық жұмыс өндірістік процестің ұзақтығы күнделікті жұмыстың жол берілетін ұзақтығынан асатын жағдайларда белгіленуі мүмкін.

2. Ауысымдық жұмыс кезінде жұмыс ауысымының ұзақтығы, бір жұмыс ауысымынан екіншісіне ауысу ауысым кестелерімен белгіленеді.

3. Жұмыс беруші ауысымдық кестелерді олар қолданысқа енгізілгенге дейін **күн-тізбелік он күннен** кешіктірмей жұмыскерлердің назарына жеткізеді.

4. Жұмыскерді қатарынан екі жұмыс ауысымы ішінде жұмысқа тартуға тыйым салынады.

Ауысымдық жұмыс – бұл **тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымындағы** жұмыс (ҚР ЕК 1-бабының 1-тармағының 6) тармақшасы).

Баяндалғанның негізінде, егер жұмыс екі ауысымда ұйымдастырылса, бір ауысымның ұзақтығы – 12 сағат, үш ауысымда – 8 сағат, төрт ауысымда – 6 сағат болады.

Осының салдарынан ауысымның тәулігіне ең ұзақ ұзақтығы **12 сағаттан аспауы тиіс.**

Ұзақтығы 24 сағат болатын ауысымды белгілеу ҚР ЕК талаптарына қайшы келеді және жұмыс берушінің жауапкершілігіне әкеп соғады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде (*бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ӘҚБтК*) әкімшілік жауапкершілік қарастырылған:

1. Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақыты мен күнделікті жұмыстың (**жұмыс ауысымының**) қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асыруы – **ескерту** жасауға әкеп соғады (ҚР ӘҚБтК 89-бабының 1-тармағы).

2. ҚР ӘҚБтК-нің 89-бабының бірінші тарауында көзделген іс-әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалса, төмендегідей **мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады:**

- **40 АЕК** – лауазымды тұлғаларға;
- **60 АЕК** – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға;
- **80 АЕК** – орта кәсіпкерлік субъектілеріне;
- **120 АЕК** – ірі кәсіпкерлік субъектілеріне.

Электрқондырғыға қызмет көрсететін персоналды өз комиссиясымен электр қауіпсіздігі бойынша 3-топқа оқытуға бола ма

Электрқондырғыға қызмет көрсететін (6 кВ) персоналды өз комиссиясымен электр қауіпсіздігі бойынша 3-топқа оқытуға бола ма?

Жауап беретін: Аширов А. А., еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы



Сұрақта ұйымның ведомстволық тиістілігі және оның қызметінің бағыты көрсетілмеуіне байланысты жауап толық форматта баяндалатын болады.

Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары (*бұдан әрі мәтін бойынша – Персоналмен жұмыс істеу қағидалары*) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 234 бұйрығымен бекітілген энергетикалық жабдықты, ғимараттар мен құрылыстарды жобалауды, монтаждауды, пайдалануды, жөндеуді, реттеуді және сынауды жүзеге асыратын электр энергетикасы саласы ұйымдарының персоналына, сондай-ақ энергия қондырғыларының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын немесе электр энергетикасы саласындағы сараптама жұмыстарын орындайтын персоналға және **энергия өндірісінің технологиялық процесін басқаруды қамтамасыз ететін персоналға қатысты** қолданылады.

Энергетикалық объектілерде мамандандырылған оқу-өндірістік бөлімшелердің (оқу-курстық комбинаты немесе тұрақты жұмыс істейтін курстар, орталық немесе тренажерлік даярлау пункті және басқалар) жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Оқу-өндірістік бөлімше персоналды даярлау үшін оқыту мен жаттықтырудың техникалық құралдарымен жарақтандырылатын полигондар, оқу сыныптарын, шеберханаларды, зертханаларды әзірлейді (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 20-тармағы).

Объектілерге қызмет көрсетумен байланысты жұмыскерлерді, сондай-ақ негізгі өндірістің жетекші кәсіптерінің персоналын даярлау оқу орталықтарында және оқу-курстық комбинаттарда (пункттерде) жүргізіледі. Жұмыскерлерді осы мамандықтар бойынша жеке оқыту түрі қарастырылмаған (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 24-тармағы).

Жаңа лауазым бойынша даярлау кезінде, саладағы қолданыстағы жүйе бойынша теориялық оқудан өткеннен кейін **жедел, жөндеу және қосалқы персонал тағылымдамадан өтеді**. Тағылымдама жауапты оқытушының басшылығымен жүргізіледі (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 43-тармағы).

Білімді біліктілік тексеруді жүргізу үшін **жыл сайын энергетикалық ұйым басшысының бұйрығымен білімді біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссия** (*бұдан әрі мәтін бойынша – Орталық комиссия*) және қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшенің білімді біліктілік тексеру жөніндегі комиссиясы (*бұдан әрі мәтін бойынша – Құрылымдық бөлімшенің комиссиясы*) **құрылады** (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 35-тармағы).

Ұйымның жұмыскерлері **Ұйымның орталық комиссиясында** білімдеріне біліктілік тексеруден өтеді, ол құрамында электр қауіпсіздігі бойынша төртіншіден төмен емес рұқсат тобы берілген кемінде үш адамнан құрылады.

Білімді біліктілік тексеруді жүргізу қағидаларына сәйкес **мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адам** Орталық комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

Ұйымның Орталық комиссиясының құрамына ұйымның техникалық басшылары және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) мамандары кіреді (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 36-тармағы).

Құрылымдық бөлімшенің комиссиясында білімді біліктілік тексеруден бөлімше

басшысын, сондай-ақ даярлау бағдарламасында осы бөлімше бойынша білімді біліктілік тексеру көзделген адамдарды қоспағанда, **осы бөлімшенің жұмыскерлері өтеді**. Құрылымдық бөлімше комиссиясының құрамына **осы бөлімшенің басшылары, сондай-ақ Орталық комиссияда білімді біліктілік тексеруден өткен және электр қауіпсіздігі бойынша төртіншіден төмен емес рұқсат тобы бар аралас бөлімшелердің басшылары кіреді** (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 37-тармағы).

Персоналмен жұмыс істеу қағидаларының 41-тармағына сай персоналмен жұмыс істеу қағидаларын, Орталық комиссияның немесе Құрылымдық бөлімше комиссиясының шешімі Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша **білімді біліктілік тексеру хаттамасы түрінде ресімделеді**.

Тексерілетін адам **жұмыскердің біліміне біліктілік тексеру жүргізілгеннен кейін бір тәулік ішінде** комиссия хаттамасымен қол қою арқылы танысады. Жұмыскерлердің білімін біліктілік тексеру хаттамалары **ұйымда кемінде үш жыл сақталады**.

Жұмыскердің білімін біліктілік тексеру негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр қондырғыларында жұмыс істеу нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы кәуәлікке жазба жасалады.

Орталық комиссия (құрылымдық бөлімшенің комиссиясы) құрылмаған ұйымдардың жұмыскерлері энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың және электр және жылу энергиясын тұтынушылардың **энергетикалық сараптамасын жүргізуді жүзеге асыратын сараптама ұйымдарының** және (немесе) электр энергетикасы саласындағы монтаждау-реттеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдардың **комиссияларында білімдеріне біліктілік тексеруден өтеді** (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 42-тармағы).

Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың және электр және жылу энергиясын тұтынушылардың және (немесе) электр энергетикасы саласындағы монтаждау-реттеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдардың энергетикалық сараптамасын жүргізуді жүзеге асыратын сараптама ұйымдары құратын білімді біліктілік тексеру жөніндегі комиссиялар **электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы төрттен кем емес, құрамында кемінде үш адамнан қалыптастырылады**.

Комиссия төрағасы болып Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 210 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдаланудың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен Қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу ережелеріне сәйкес білімді біліктілік тексеруден өткен адам тағайындалады (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 42-1-тармағы).

Жалпы объект бойынша персоналды даярлау, қолдау және біліктілігін арттыру процесіне басшылық жасау ұйымның бас техникалық басшысына жүктеледі (Персоналмен жұмыс істеу қағидалары 18-тармағы).

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану

кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚТ қағидалары) 6-тармағына сәйкес персоналды даярлау және білімін бақылау тәртібі «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 38) тармақшасымен бекітілетін Қазақстан Республикасының Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларына сай жүзеге асырылады (жоғарыдағы Қағидалардың талаптарын қараңыз).

«Электр техникалық (электр технологиялық) персоналдың электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама топтары және оларды беру жағдайлары» ҚТ қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес, **электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат берудің 3-тобын беруге қатысты** электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобын растау үшін электр энергетикасы саласында орындалатын ең аз жұмыс өтілі (мерзімі) бойынша мынадай талаптар қойылады:

– алдыңғы топта 2–3 ай, ал электр қауіпсіздігі бойынша III және одан жоғары рұқсат тобын бұрын растаған адамдар үшін оны жұмысқа орналастырған сәттен бастап бір ай аяқталғаннан кейін.

Бұл ретте міндетті түрде көрсетілген қосымшадағы алдыңғы топ ретінде электр қауіпсіздігі бойынша 2-ші рұқсат беру тобын беруге арналған талаптарды жеке қараған жөн.

Сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген талаптар шеңберінде электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобын растау үшін білімнің ең аз көлеміне сай талап етіледі:

1. Электр қауіпсіздігі бойынша алдыңғы рұқсат тобы көлеміндегі білім.

2. Іске асыруға арналған білім:

1) өзіне сеніп тапсырылған электр қондырғыларында өздігінен қызмет көрсетуді, айналып өтуді, қарап шығуды, қосуды және ажыратуды, оның ішінде кернеуі 1 000 В дейінгі электр қондырғыларындағы электр энергиясын есепке алу схемаларында (жүйелерінде), сондай-ақ жөндеу немесе баптау бригадаларын осы электр қондырғыларына жіберу үшін;

2) электр қондырғыларында, өткізгіштер мен автоматика аспаптарында, энергетика объектілерінде, станоктар мен машиналарда (стационарлық және жылжымалы) қолданылатын есепке алу, тіркеу, сондай-ақ тұрмыстық және кеңсе техникасында жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу;

3) құрылыс-монтаждау, жөндеу, іске қосу-баптау жұмыстары бригадасының құрамында, оның ішінде электр қондырғыларындағы сынақ-өлшеулер бойынша, энергетика объектілерінде, станоктар мен машиналарда (стационарлық және жылжымалы) қолданылатын автоматика сымдары мен аспаптары бойынша есепке алу, тіркеуге қатысты жұмыстарды орындауға міндетті.

3. Электр қондырғыларында жұмысты қауіпсіз жүргізуді және жұмыс істейтіндерді қадағалауды қамтамасыз ету білігі.

4. Зардап шегушіні электр тогының әсерінен босату ережелерін білу.

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

«Азаматтық қорғау туралы»

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы (2021.04.01 өзгерістер және толықтырулармен)

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мұнда біз құжатта не өзгергенін және қандай жаңа нормалар енгізілгенін түсінуге көмектесетін үзінділерді келтіреміз.

 --- Құжаттан көшірме

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

<...>

22-1) бұрқаққа қарсы жұмыстар – мұнай және газ өндіру объектілерінде арнайы техника, аппаратура мен жабдық қолданыла отырып жүргізілетін, аварияларды жоюға, адамдарды, материалдық құндылықтарды құтқаруға және бекітпе жабдығының болмауы, қирауы немесе герметикаланбауы немесе грифон түзілу салдарынан ұңғыманың (газ және мұнай бұрқақтарының) сағасы арқылы қабаттық флюидтердің басқаруға келмейтін шығуының қауіпті факторларының әсерін азайтуға бағытталған іс-қимылдар;

<...>

23-1) газдан құтқару жұмыстары – қоршаған ортада шекті жол берілетін шоғырланудан асатын қауіпті заттар болған жағдайда арнайы техника, аппаратура мен жабдық, оқшаулағыш жеке қорғану құралдары қолданыла отырып орындау қажеттілігімен сипатталатын және газ жайылған ортада адамдарды іздестірумен, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетумен және оларды тасымалдаумен, аварияның орны мен себептерін, оның таралу шекараларын нақтылау мақсатында авария ошағына барлау жүргізумен байланысты қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды жою жөніндегі іс-қимылдар және қауіпті өндірістік факторларды жою үшін қажетті өзге де іс-қимылдар;

<...>

32-1) қауіпті техникалық құрылғылар:

қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын, мемлекеттік қадағалауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын, 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар, жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге)

арналған көтергіштер, сондай-ақ бұрғылау тереңдігі екі жүз метрден асатын ұңғымаларды бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғылар, шахталық көтергіш қондырғылар мен көтергіш машиналар, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жылжымалы қоймалары, араластыру-зарядтау және жеткізу-зарядтау машиналары, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды дайындауға арналған мобильдік және стационарлық қондырғылар;

мемлекеттік қадағалауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары (жылумен жабдықтау ұйымдары), 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер;

<...>

48) оқыс оқиға – аварияға алып келмеген, қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бүлінуі, технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;

<...>

49-1) өндірістік бақылау – өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған, өндірістік бақылау қызметінің лауазымды адамдары жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектідегі іс-шаралар;

<...>

52-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі – қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуге арналған авариялық-құтқару қызметі;

52-2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметі – қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын авариялық-құтқару қызметі;

52-3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

52-4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – орталық атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылау, қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы;

<...>

62-1) тау-кен құтқару жұмыстары – шахталарда, кеніштерде, карьерлерде және разрездерде арнайы техника, аппаратура мен жабдық қолданыла отырып жүргізілетін, адамдарды құтқаруға және аварияларды жоюға, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге және оларды тасымалдауға, тау-кендік телім шегінде жер астындағы және жер бетіндегі өрттерді сөндіруге, жарылыс қаупі бар атмосфераны инерттеуге, үйінділерден аршуға, тосқауылдарды тұрғызуға, бекітпелерді орнатуға, су басуды жоюға бағытталған іс-қимылдар және қауіпті өндірістік факторларды жою үшін қажетті өзге де іс-қимылдар;

<...>

3-тарау. Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу 12-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

<...>

5-1) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларына техникалық тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

<...>

6-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттаудан өткізеді;

7) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат береді;

<...>

8-2) қауіпті өндірістік объектілерде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың қолданылуына және есепке алынуына талдау жүргізеді;

<...>

10) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

<...>

13) қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету қағидаларын бекітеді;

13-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушыларын даярлаудың үлгілік бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

13-2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын әзірлейді және бекітеді (**13-2) тармақшасы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі**);

13-3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

<...>

14-1) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғаларға тергеп-тексеруді және есепке алуды, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларына техникалық тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-2) көлбеу рельсті-арқанды көтергіштерді (фуникулерлерді) орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-3) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-4) жолаушылар аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-5) жүк аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-6) эскалаторларды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-7) мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-8) дәнекерлеушілерді және дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-9) қауіпті өндірістік объектіде өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-10) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың білімін тексеру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-11) қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-12) нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-13) қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін тізбекті крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-14) қысыммен жұмыс істейтін түтіктерге, цистерналарға, бөшкелерге және баллондарға техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-15) бу және ыстық су құбыржолдарына зерттеп-қарауды және техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-16) қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-17) қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-18) қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-19) қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-20) қызмет ету мерзімі өткен, қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді одан әрі

пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-21) қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-22) мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-23) қызмет ету мерзімі өткен, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-24) тұтқырлығы жоғары, күкіртті мұнайды өндіруге арналған жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-25) жерасты құрылысжайлары мен метрополитендерді салу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

14-26) қара металлургия кәсіпорындарының газ шаруашылығындағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-27) технологиялық құбыржолдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-28) ауаны бөлу өнімдерін өндіру және тұтыну кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

14-29) қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

<...>

15-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың азаматтық қорғау саласындағы құзыреті

<...>

3. Жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қорғау саласындағы өкілеттіктеріне:

<...>

21) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін қауіпті техникалық құрылғылардың, жүк көтергіш механизмдердің, эскалаторлардың, аспалы жолдардың, фуникулерлердің, лифтілердің, траволаторлардың, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштердің пайдаланылуына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау;

22) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асыру;

<...>

16-бап. Ұйымдардың азаматтық қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері

<...>

3. Қауіпті өндірістік объектілері бар және (немесе) олардағы жұмыстарға тартылатын ұйымдар осы баптың 2-тармағына қосымша мыналарды атқаруға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол берілген технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды қолдануға;

<...>

8) авариялардың, оқыс оқиғалардың, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларының туындау себептеріне талдау жүргізуге, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің және олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

9) орын алған авария туралы жұмыскерлерге, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметіне, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, қауіпті өндірістік факторлар туындаған кезде төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа дереу хабарлауға;

10) аварияларды, оқыс оқиғаларды, қауіпті өндірістік объектілерде жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларын есепке алуды жүргізуге;

<...>

12-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне қауіпті өндірістік объектілерде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды есепке алу (кіріс, шығыс, беру және қайтару) жөніндегі ақпаратты беруге;

<...>

18) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық және тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуге шарттар жасасуға не өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтерін құруға **(18) тармақшасы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі**);

19) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды, есептен шығаруды жүзеге асыруға;

<...>

23) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін жиынтықпен, қажетті техникамен, жабдықпен, сақтандыру және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ете отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтерін өзірлікте ұстап тұруға;

<...>

4. Қауіпті өндірістік объектілері бар және (немесе) олардағы жұмыстарға тартылатын ұйымдарға, егер олар осы объектілерде:

- көмірсутек шикізатын геологиялық барлауды қоспағанда, геологиялық барлау жұмыстарын және бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізбестен кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарын;
- жүк көтергіш механизмдер пайдаланылатын жұмыстарды;
- автожанармай құю станцияларын және астық қабылдау пункттерін пайдалануға байланысты жұмыстарды ғана жүргізсе, осы баптың 3-тармағы 18) тармақшасының күші қолданылмайды.

<...>

6-тарау. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары

25-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құру

<...>

3. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтерін құруға құқылы (**3-тармақ 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі**).

<...>

4-1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтері ғимараттар мен құрылысжайлардың мамандандырылған кешенінде орналастырылады, орындалатын авариялық-құтқару жұмыстарының ерекшеліктері ескеріле отырып, арнайы техникамен, аппаратурамен және жабдықпен жарақтандырылады, құтқарушылармен жасақталады, оқу-жаттығу полигоны, шаң-газ талдау зертханасы болады, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келеді (**4-1-тармақ 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі**).

<...>

26-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының қызметі

<...>

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының ұдайы әзірлігі кәсіби даярлау бойынша оқу-жаттығулар, сабақтар мен арнайы жаттығу жиындарын өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

<...>

27-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері аттестаттауға жатады.

2. Аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында өткізіледі.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттауға жатады:

1) бастапқы аттестаттауға жаңадан құрылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері жатады;

2) қайта аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызметін қайта бастау үшін алдыңғы аттестаттауда анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін өткізіледі;

3) кезеңдік аттестаттау бес жылда бір рет өткізіледі;

4) кезектен тыс аттестаттау олар орындайтын жұмыстардың түрі немесе түрлері өзгерген жағдайда өткізіледі.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындатын тәртіппен өткізіледі.

5. Аттестаттаудан өткен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына куәлік беріледі.

<...>

7-тарау. Азаматтық қорғау саласындағы бақылау және қадағалау
39-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау және газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылау

<...>

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды мыналарға қатысты жүргізу:

1) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына;

2) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыс-жайларына зерттеп-қарау, диагностикалау, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру жүргізудің уақтылығына;

3) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігіне;

4) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуына;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды орындауға әзірлігіне;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға жүзеге асырылады.

<...>

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда, дара кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді және

(немесе) техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзімде сотқа талап қою арызын міндетті түрде бере отырып, тоқтата тұруға не тыйым салуға құқығы бар.

Көрсетілген жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру не тыйым салу туралы акт шығарылады және қауіпті өндірістік объектіні және (немесе) техникалық құрылғыны пломбалау жүргізіледі.

Ресімделген акт қауіпті өндірістік объектінің басшысына немесе оның уәкілетті адамына қолын қойғызып табыс етіледі не хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы берілген акт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру не тыйым салу туралы актінің талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

<...>

40-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау

<...>

2. Мыналар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылаудың міндеттері болып табылады:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздікке мониторинг жүргізу;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды талдау және әзірлеу;
- 4) жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін мән-жайлар мен бұзушылықтардың себептерін анықтау;
- 5) қауіпті өндірістік факторлардың объектілерге, адамдарға, қоршаған ортаға зақымдай отырып әсер етуінің алдын алуға бағытталған жұмыстарды үйлестіру.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау ұйым басшысының бұйрығымен бекітілетін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау туралы нормативтік акт негізінде жүзеге асырылады.

Ұйымның нормативтік актісінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өндірістік бақылауды жүзеге асыратын ұйымның лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері қамтылуға тиіс.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау қызметінің лауазымды адамдары:

- 1) ұйымның бөлімшелерінде өндірістік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеуге;

2) жұмыскерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және аварияларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыруға;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізуге дайындық жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының өзгеруі туралы ақпаратты жұмыскерлердің назарына жеткізуге;

7) ұйым басшысына:

- өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарды жою;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бұзылып жүзеге асырылатын, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе қауіпті өндірістік факторлардың объектілерге, адамдарға, қоршаған ортаға зақымдай отырып әсер етуіне алып келуі мүмкін жұмыстарды тоқтата тұру;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлаудан, қайта даярлаудан уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан шеттету туралы ұсыныстар енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға міндетті.

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау қызметінің лауазымды адамдарының:

1) қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдарда және (немесе) қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын өзге де ұйымдарда өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйін бағалау үшін қажетті құжаттар мен материалдарды алуға;

2) тәуліктің кез келген уақытында қауіпті өндірістік объектіге еркін кіруге құқығы бар.

<...>

10-тарау. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою
51-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын төтенше жағдайларды жоюға тарту

<...>

2. Қауіпті өндірістік объектілерге шарт негізінде қызмет көрсететін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін төтенше жағдайларды жоюға тарту қызмет көрсетілетін объектілердің қажетті қорғалу деңгейін қамтамасыз ететін күштер мен құралдардың жеткілікті саны міндетті түрде сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

<...>

14-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
69-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

<...>

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік:

<...>

2) қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін технологияларды, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды қолдануға жол беру;

<...>

9) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық және тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуі;

10) ұлттық стандарттарға сәйкес лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, техникалық куәландыруды жүргізу;

11) қауіпті өндірістік объектілерді уақтылы жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру арқылы қамтамасыз етіледі.

70-бап. Қауіпті өндірістік объектілердің белгілері

Қауіпті өндірістік объектілердің белгілері:

1) мынадай қауіпті заттардың ең болмағанда біреуін:

иондаушы сәулелену көзін;

тұтанғыш затты – қалыпты қысымда және ауамен араласқан кезде тұтанғыш болатын және қалыпты қысым кезінде қайнау температурасы 20 немесе одан төмен Цельсий градусы болатын газды;

жарылғыш затты – сыртқы әсердің белгілі бір түрлері кезінде жылу бөліп және газ құрап, өздігінен жылдам тарайтын химиялық өзгеріске ұшырай алатын затты;

жанғыш затты – өздігінен тұтанып, сондай-ақ от алдыру көзінен жана алатын және оны алып тастағаннан кейін де өздігінен жанатын сұйықтықты, газды;

тотықтандырғыш затты – жануға көмектесетін, тұтануды тудыратын және (немесе) тотықтандыру-қалпына келтірудің экзотермиялық реакциясы нәтижесінде басқа заттардың тұтануына себеп болатын затты;

уытты затты – тірі организмдерге әсер еткен кезде олардың өліміне әкеп соқтыра алатын және мынадай сипаттамалары бар:

- асқазанға енгізген кезде өлтіретін орташа дозасы – бір килограмм салмаққа қоса алғанда 15-тен 200 миллиграмға дейінгі;
- теріге жаққан кезде өлтіретін орташа дозасы – бір килограмм салмаққа қоса алғанда 50-ден 400 миллиграмға дейінгі;
- ауадағы өлтіретін орташа концентрациясы – бір литрге қоса алғанда 0,5-тен 2 миллиграмға дейінгі затты;

жоғары уытты затты – тірі организмдерге әсер еткен кезде олардың өліміне әкеп соқтыра алатын және мынадай сипаттамалары бар:

- асқазанға енгізген кезде өлтіретін орташа дозасы – бір килограмм салмаққа 15 миллиграмнан аспайтын;
- теріге жаққан кезде өлтіретін орташа дозасы – бір килограмм салмаққа 50 миллиграмнан аспайтын;
- ауадағы өлтіретін орташа концентрациясы – бір литрге 0,5 миллиграмнан аспайтын затты;

қоршаған ортаға қауіп төндіретін, оның ішінде судағы ортада мынадай өте уытты көрсеткіштермен сипатталатын:

- балыққа тоқсан алты сағат бойы ингаляциялық әсер еткен кезде өлтіретін орташа дозасы – бір литрге 10 миллиграмнан аспайтын;
- дафнияға қырық сегіз сағат бойы әсер еткен кезде белгілі әсер тудыратын удың орташа концентрациясы – бір литрге 10 миллиграмнан аспайтын;
- балдырларға жетпіс екі сағат бойы әсер еткен кезде баяулататын орташа концентрациясы – бір литрге 10 миллиграмнан аспайтын затты өндіру, пайдалану, қайта өңдеу, түзу, сақтау, тасымалдау (құбыржолдық), жою;

2) қара, түсті, бағалы металдардың балқымаларын және осы металдардың негізінде алынатын қорытпаларын өндіру;

3) кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық барлауды және оларды бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізбей өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарын қоспағанда, тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды өндіру және минералды шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды, жерасты жағдайларында жұмыстарды жүргізу болып табылады.

71-бап. Қауіпті өндірістік объектілер

<...>

2. Қауіпті өндірістік объектілерге мынадай қауіпті техникалық құрылғылар да:

1) жылу желілерін қоспағанда, 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар;

2) жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер;

3) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары, 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер;

4) қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын, бұрғылау тереңдігі екі жүз метрден асатын ұңғымаларды бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғылар;

- 5) шахталық көтергіш қондырғылар мен көтергіш машиналар;
- 6) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жылжымалы қоймалары, араластыру-зарядтау және жеткізу-зарядтау машиналары, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды дайындауға арналған мобильдік және стационарлық қондырғылар жатады.

72-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау

1. Заңды тұлғалар:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;
- 3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;
- 4) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 5) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;
- 6) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждауды, техникалық қызмет көрсетуді, техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестаттауға жатады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау үшін заңды тұлға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға ұйымның мәлімделген жұмыс түрлеріне, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптама қорытындысының электрондық көшірмесін ұсынады.

<...>

6. Аттестатты беруден мынадай себептер бойынша:

- 1) осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжат ұсынылмағанда;
- 2) өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде бас тартылуы мүмкін.

Заңды тұлға көрсетілген себептерді жойған кезде аттестаттау туралы өтініш жалпы негіздерде қаралады.

7. Аттестаттың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаған ұйым (бұдан әрі – аттестатталған ұйым) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзып, оның ішінде осы баптың 2-тармағында көзделген құжатта анық емес ақпарат бере отырып қызметін жүзеге асырған жағдайда, аталған ұйым Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Аттестаттың қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылмаған жағдайда, аттестаттан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Аттестаттың қолданылуы:

- 1) аттестатталған ұйым аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы өтініммен өтініш ұсынған;
 - 2) оның қолданылу мерзімі өткен;
 - 3) заңды тұлға таратылған;
 - 4) аттестаттан айырған жағдайларда тоқтатылады.
- <...>

73-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасына:

- 1) осы Заңның 71-бабының 2-тармағынада көрсетілген қауіпті техникалық құрылғылар;
- 2) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарын қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар;
- 3) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 4) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 5) аттестат алу кезінде мәлімделген жұмыс түрлеріне, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне заңды тұлғалар;
- 6) алып тасталды – ҚР 28.10.2015 № 366-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
- 7) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сараптамаға жататын жобалау құжаттары жатады.

<...>

Жалғасы келесі нөмірде

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

«Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 1 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.26.01

Жалғасы. Басы № 4, 5-санда, 2021

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 11 қаңтардағы
№ 1-бұйрығына
3-қосымша

Конденсаторларды салқындатудың тік ағынды жүйесі бар блоктық типтегі электр станцияларына арналған қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері 1-тарау. Қолданылу саласы

1. Осы Конденсаторларды салқындатудың тік ағынды жүйесі бар блоктық типтегі электр станцияларына арналған қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда алға қойылған қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі міндеттерді ескере отырып, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 26-3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы нормативтер конденсаторларды салқындатудың тік ағынды жүйесі бар блоктық типтегі қазандық қондырғыларда, алу процесі Екібастұз кен орнының көмірлерін жағуға негізделген электр энергиясын өндіру кезінде (бұдан әрі – процестер) қолданылады.

3. Осы нормативтер отынның қатты түрін негізгі және сұйық отын ретінде, тамызық отын ретінде пайдалану кезінде электр энергиясын өндіруге бағытталған қызметке қолданылады және мыналарға қойылатын талаптарды белгілейді:

- атмосфералық ауаға эмиссияларға;
- сарқынды сулардың эмиссияларына;

- қалдықтарды орналастыру кезіндегі эмиссияларға;
- қазандық қондырғыларды пайдалану қауіпсіздігіне.

4. Атмосфералық ауаға эмиссияларға нормативтер жұмыс істеп тұрған және реконструкцияланатын, жобалық жылу қуаты 300 МВт-қа сәйкес келетін немесе одан асатын, халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін ең озық қолжетімді технологияларды ескере отырып, 9,8-ден 25,0 Мпа-ға дейінгі қыздырылған будың абсолюттік қысымына өнімділігі 420-дан 1200 т/сағ-қа дейінгі, тізбесі осы нормативтерде келтірілген ЖЭС ірі блокты отын жағатын қондырғыларына қолданылады.

5. Осы нормативтердің талаптары маневрлік энергия блоктарына арналған жоғары маневрлік (жоғары және жартылай жоғары) қазандық қондырғыларға, құрамына газ турбиналары, магниттік-гидродинамикалық қазандық қондырғылар, энергия технологиялық қазандық қондырғылар кіретін энергия блоктарына арналған қазандық қондырғыларға, көлденең байланыстары бар қазандық қондырғыларға, қайнайтын қабаттың оттықтарымен жабдықталған қазандары және кәдеге жаратушы қазандары, сондай-ақ арнайы типтегі қазандары бар қазандық қондырғыларға қолданылмайды.

6. Нормативтер меншік нысандарына қарамастан, блоктық типтегі қазандық қондырғыларда қатты отынды жағу кезінде электр энергиясын өндіру жөніндегі объектілердің жобалау құжаттамасын әзірлеумен, оларды салумен және пайдаланумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға арналған.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы нормативтерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ең озық қолжетімді технологиялар – қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдық;

2) жағу – жылудың қарқынды бөлінуі қатар жүретін, экзотермиялық реакциялар барысында бастапқы заттарды жану өнімдеріне айналдырудың күрделі физикалық-химиялық процесі;

3) зиянды заттар – адам организміне теріс әсер ететін заттар;

4) көмір – негізінен, биохимиялық, физикалық-химиялық және физикалық өзгерістері нәтижесінде өлі өсімдіктерден түзілген қатты жанғыш шөгінді таужынысы;

5) күл – қатты отынды жағу өнімдері;

6) күл-қож – тау жыныстарын кешенді термиялық түрлендіру және қатты отынды жағу өнімдері;

7) қалдықтарды қайта өңдеу – сұрыптауды қоса алғанда, қалдықтардан кейіннен тауарларды немесе өзге де өнімді өндіруде (дайындауда) пайдаланылатын шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды алуға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеуді жеңілдету,

олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында олардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер;

8) қалдықтардың түрі – шығу тегіне, қасиеттеріне және айналыс технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар, қалдықтар сыныптауышы негізінде айқындалатын қалдықтардың жиынтығы;

9) қалдықтарды орналастыру – өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму;

10) қалдықтармен жұмыс істеу – қалдықтар түзілуінің алдын алуды және оны барынша азайтуды, қалдықтарды есепке алу мен бақылауды, олардың жиналып қалуын, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды (жинап қоюды) және жоюды қоса алғанда, қалдықтарға байланысты қызмет түрлері;

11) қауіпті қалдықтар – құрамында бір немесе бірнеше қауіпті қасиеті (уыттылығы, жарылыс қауіптілігі, радиоактивтілігі, өрт қауіптілігі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттарды қамтитын және қоршаған орта мен адамның денсаулығына өз бетінше немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде тікелей немесе әлеуетті қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар;

12) қоршаған ортаға эмиссиялар – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау;

13) қоршаған ортаны ластау – қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, дірілдердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

14) қосалқы жабдық – қазандықжабдықне шегінде тартып-үрлеунде тартып- теріс әсер ететін заттардиоактивті бен күлді шығару жабдығы, күл аулағыш және басқа да газ тазарту құрылғылары, қазанғаарту құрылғгаз-ауа құбырлары су, бу және отын құбыржолдары, арматура, гарнитура, автоматика, бақылау және қорғау аспаптары мен құрылғылары, сондай-ақ қазанға жататын су дайындау жабдығы мен түтін мұржасы;

15) негізгі өндіріс – қазан мен қосалқы жабдықтардың жиынтығы болып табылатын қазандық қондырғылар және отын жағудан жылу энергиясы есебінен қысыммен буды алуға немесе суды қыздыруға арналған құрылғылардың біртұтас етіп сындарлы түрде біріктірілген кешен түріндегі қазандар. Сондай-ақ қазанға толық немесе ішінара мыналар: оттық, буқыздырғыш, экономайзер, ауажылытқыш, қаңқа, қаптама, жылу оқшаулағыш, тыстама кіреді;

16) отын – оны жағу кезінде жылу энергиясын алу мақсатында қолданылатын жанғыш заттар;

17) санитариялық-қорғау аймағы- арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіптік ұйымдар мен елді мекендегі басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін оларға қолайсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлардан бөліп тұратын аумақ;

18) табиғат пайдаланушы – табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

19) түтінді (шығарылған) газдар – отынның жануы және қазанда технологиялық материалды күйдіру нәтижесінде түзілетін газдар;

20) шикізат – өнімді (өнімдерді) алудың технологиялық процесінде пайдаланылатын кез келген ұсақталған немесе дайындалған материал;

21) экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсерді жүйелі түрде байқау және бағалау;

22) эмиссиялардың нормативтері – солардың кезінде қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін жол берілетін эмиссиялардың көрсеткіштері;

23) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері – ел экономикасы үшін қолайлы шығындар кезінде оларды нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі негізге алына отырып айқындалатын, уақыт бірлігіндегі немесе шығарылатын өнімнің бір бірлігіне немесе басқа да көрсеткіштердегі қоршаған ортаға эмиссиялардың шамалары.

3-тарау. Қазақстан Республикасында өндірісті орналастыру шарттары

8. Қазақстан Республикасының аумағында блоктық типтегі қазандық қондырғыларда қатты отынды жағу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қамтамасыз ететін электр энергиясын өндіру объектілерін орналастыруға жол беріледі.

9. Қазандардың және қазандық қондырғыларда пайдаланылатын қосалқы жабдықтың оларды сәйкестендіруді қамтамасыз ететін және олардың осы нормативтер мен үндестірілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжаттары, сондай-ақ монтаждау схемаларын, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды қамтитын өндірушінің ілеспе құжаттары болады.

4-тарау. Технологиялық процестің, жабдықтың және эмиссиялар түзілуінің сипаттамасы

10. Қазандық-турбиналық жабдықтың негізгі мақсаты қазандық қондырғыларда отынды жағу кезінде электр энергиясын өндіру болып табылады.

Конденсаторларды салқындатудың тік ағынды жүйесі бар блоктық типтегі электр станциялары үшін электр энергиясын өндіру схемасы осы нормативтерге 1-қосымшада келтірілген.

11. Қазандық және турбиналық жабдыққа мыналар: электр генераторлары, бу турбиналары, деаэраторлар, бункерлер, сепараторлар, қазандар, ұсақтау қондырғылары, сорғы станциялары, жоғары қысымды жылытқыштар, конденсаторлар және т.б. жатады.

12. Қазандық қондырғылардың жұмыс істеуі үшін келіп түсетін қатты отынды қабылдауды және түсіруді, сақтауды, дайындауды және оны сақталатын орыннан қазанға дейін тасымалдауды қамтамасыз етеді.

13. Қатты отын (көмір) қазандық қондырғыларға үнемі дайындалған түрде беріледі. Көмірдің ірі кесектері арнайы жабдық арқылы технологияда айқындалған, қазандық жабдығының диірмендерінде одан әрі ұсақтауға жарамды фракцияларға дейін

ұсақталады. Шикізатты беру мен дайындаудың тозаң шығарындыларын азайту жүйесі болады.

14. Көміртозанды қазандарды жағу үшін сұйық отын – мазут пайдаланылады, ол мазут шаруашылығының арнайы резервуарларында сақталады. Жағу кезінде мазут бумен жылытылатын жылытқыштар арқылы тікелей қазанның мазут бүріккіштеріне беріледі.

15. Қазанның оттығы көмір тозаңы ұшып келе жатқанда жағылатын және отынның химиялық энергиясы жану жылуына айналатын камераны білдіреді. Жағу камерасының қабырғалары ішінен отқа төзімді материалдан орындалған, ал сыртынан жылу оқшаулағышпен жабылған. Ішкі жағынан тікелей жағу камерасының қабырғаларына жақын жерде қыздыру беттері болып табылатын құбырлар орналасқан. Бұл қыздыру беттері алаудан және оттық газдарынан жылуды, негізінен, тікелей сәулелену арқылы алады және отты экрандар деп аталады.

16. Жану өнімдері ішінара салқындатылып, 900–1200 °С температура кезінде көлденең газарнаға, содан кейін тігінен түсіру шахтасына келіп түседі.

17. Экономайзерден кейін жану өнімдерінің температурасы 300–400 °С және одан жоғары болады. Оны одан әрі төмендету ауаны жылыту үшін пайдаланылатын ауажылытқышта жүзеге асырылады. Ауажылытқышқа келіп түсетін ауаның температурасы 30–60 °С болады. Ыстық ауа 250–420 °С температурасы кезінде 2 ағынға бөлінеді: олардың бірі – бастапқы ауа отынды дайындау жүйесінде ұнтақтау кезінде оны көптіру үшін және тозаңды тасымалдау үшін пайдаланылады, ал екіншісі – қайталама ауа көмір тозаңының толық жануын қамтамасыз ету үшін жағатын құрылғылар арқылы тікелей жағу камерасына жіберіледі.

18. Ауажылытқыштан кейін жану өнімдері шығарылған газдар деп аталады, олардың температурасы 130–160 °С құрайды. Жану өнімдерінің жылуын одан әрі кәдеге жарату төмен температура кезінде орынсыз болады және жану өнімдері түтінсорғышпен тозаң-газ тазартқыш жабдық арқылы биіктігі 180–250 м түтін мұржасына және одан әрі атмосфераға жіберіледі.

19. Қатты қыздырылған бу қазаннан бу құбыры арқылы бу турбинасына және одан кейін конденсаторға келіп түседі. Конденсат жинағыштан конденсат арнайы қондырғыда тазалауға жіберіледі, одан кейін конденсат төмен қысымды қыздырғыштар тобы арқылы деаэраторға айдалады. Деаэраторда су қайнауға дейін жеткізіледі және бұл ретте онда ерітілген газдардан босатылады. Деаэратордың аккумуляторлық бағынан ауасыздандырылған қоректік су жоғары қысымды жылытқыштар тобы арқылы қайтадан қазанға беріледі. Сол арқылы қазан мен турбиналық қондырғының бу-су күрежолдарын қамтитын бу-су күрежолы тұйықталады.

20. Бу-су күрежолының жұмысы жоғары температураларға және бу мен судың жоғары қысымдарына қарамастан үздіксіз болады. Оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жұмыс денесі ысыраптарының орнын толтыруға арналған қосымша суды дайындау мен беру жүйесі және турбинаның конденсаторына салқындатқыш суды беру үшін техникалық сумен жабдықтау жүйесі қажет.

21. Су шығынының орнын толтыру су объектісінен су алу, арнайы қондырғыларда химиялық тазарту жүргізу және оны турбинаның конденсаторына одан әрі беру арқылы жүргізіледі.

22. Турбиналарды салқындату жүйесі – тікағынды. Жеткізу арналарынан салқындатқыш су конденсатордың түтіктері арқылы циркуляциялық сорғымен айдалады және содан кейін су айдынына қосылған су ағызу арнасына құйылады.

23. Электр станцияларында қатты қож шығаратын қазандарда қатты отынды жағу кезінде отынның қатты жанбайтын бөлігі – қож қазанның түбінде орналасқан қож-иірмекті бункерге беріледі, ал күл қазаннан түгін газдарымен шығарылады, арнайы тазарту қондырғыларымен ұсталады және олардың бункерлерінде жиналады. Жуғыш құрылғылар арқылы қож және ауланған ұшпа күл күлді сумен шығарудың өздігінен ағатын арналарына беріледі, олардан гидрокүл-қож қоспасы алдын ала металұстағыштан өтіп, оны күл үйінділеріне күл құбырлары арқылы тасымалдайтын багер сорғысына түседі.

Күл үйіндісінен тұнған су қайтадан күлді сумен шығару жүйесіне күл-қождарды күл үйіндісіне тасымалдау үшін беріледі, сол арқылы жүйе тұйықталады.

24. Бу турбинасы арқылы айналатын электр генераторы айнымалы электр тоғын өндіреді, ол күшейткіш трансформатор арқылы ашық тарату құрылғысының қашыртқы шиналарына өтеді. Одан әрі технологиялық тізбек бойынша өндірілген электр энергиясы электр беру желілері арқылы энергия жүйесінің желісіне беріледі.

5-тарау. Табиғи ресурстарды пайдалану

25. Конденсаторларды салқындатудың тік ағынды жүйесі бар блоктық типтегі қазандық қондырғыларда электр энергиясын өндіру Екібастұз кен орнының көмірлерін жұмсауды талап етеді.

26. Суыған немесе ағымдағы жөндеуден, реконструкциялаудан, тоқтатудан немесе жаңа қазандар салынғаннан кейін пайдалануға берілген қазандарды жағу үшін жағатын отын ретінде мазут пайдаланылады. Жаққаннан кейін қазанға үнемі беріліп тұратын қатты отынды (көмірді) жағуға көшу қажет.

27. Электр энергиясын өндіру станциясында су ресурстарын тұтыну бу мен конденсат ысыраптарының орнын толтыру, электр станциясының энергия блоктарының оңтайлы су-химиялық режимін ұстап тұру және энергетикалық жабдықты (жылу генераторының конденсаторлары мен газ-май жүйесін) салқындату үшін талап етіледі.

5.1-параграф. Отын және тұтыну нормалары

28. Қатты отынды тұтыну нормалары «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 247 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 11066 болып тіркелген) Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларымен реттеледі және электр және жылу жүктемелерінен абсолюттік немесе салыстырмалы есептегенде оның жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің тәуелділігін белгілейтін энергетикалық жабдықтың энергетикалық сипаттамаларына қарай белгіленеді. Жабдықтың энергетикалық сипаттамалары және электр станциясы жабдығының (энергия қондырғысының) әрбір тобы бойынша жіберілген электр

энергиясы мен жылуға отынның есептік үлестік шығыстарының кестелері әрбір кәсіпорын бойынша жеке белгіленеді.

29. Сұйық отынды жағатын отын ретінде пайдаланған кезде тұтыну нормалары белгіленбейді. Сұйық отынның нормативтік саны кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленеді.

5.2-параграф. Су ресурстарын пайдалану және тұтыну нормалары

30. Суды электр станциясының өндірістік мұқтаждарына пайдалану су айдынынан турбиналардың конденсаторлары мен газ-май жүйесін салқындату жүйесіне, негізгі жабдықтың қосалқы тетіктеріне және қазандық қондырғылардың бу-су ысыраптарының орнын толтыру үшін су дайындау жүйесінде техникалық су беруді көздейді.

31. Электр станциялары үшін бір өнім бірлігіне су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары (электр энергиясын жіберу) Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 545 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 14827 болып тіркелген) Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеге сәйкес есептеледі.

32. Үлестік нормаларды әзірлеу су алуды қысқартуға және судың зиянды әсерін азайтуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игере отырып, кешенді және ұтымды су пайдалану қағидатын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

33. Су тұтыну мен су бұруды жеке және заңды тұлғалар рұқсаттың негізінде, тек қана онда айқындалған мақсаттар үшін жүзеге асырады және олар қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары су тұтыну мен су бұру көлемдерін негіздеу бойынша есеп-қисаптар кезінде ескеріледі.

34. Агрегаттарды салқындатқаннан кейін қайтарылатын сулардың құрамы мен қасиеттері дәл сол су объектісінен су алу жүзеге асырылған кезде су алу ауданындағы судың құрамына сәйкес келеді.

6-тарау. Электр энергиясын өндіру процесі үшін эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері

6.1-параграф. Атмосфералық ауаға шығарындылардың техникалық үлестік нормативтері

35. Атмосфералық ауаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері Екібастұз кен орнының көмірін негізгі отын ретінде пайдаланатын блоктық типтегі жұмыс істеп тұрған және реконструкцияланатын қазандық қондырғылар үшін өндірілген бір өнім бірлігіне, атап айтқанда:

- қатты заттардың;
- күкірт оксидтерінің;
- азот оксидтерінің;
- көміртек оксидтеріне шығарындылардың шекті мәндерін белгілейді.

36. Кәсіпорын осы нормативтерге 2-қосымшаға сәйкес атмосфералық ауаға ластаушы заттардың техникалық үлестік нормативтеріне қол жеткізуге тиіс, олар электр энергиясын

өндіру бірлігіне есептегенде қоршаған ортаға ластағы заттардың шығарындыларының жол берілетін массасын көрсететін болады. Электр станцияларында өндірілетін энергияның негізгі түрі электр энергиясы, ал жылу энергиясы қосымша өнім болғандықтан, тиісінше электр станциялары үшін технологиялық жеке нормалар электр энергиясына белгіленеді.

37. Тамызық отынға (мазутқа) арналған нормативтер белгіленбейді, себебі оның жылдық отын теңгеріміндегі үлесі болмашы (шамамен 0,05 %). Шығарындылар бақылау нормативтерінде (г/с) ескерілмейді, қазанның іске қосу және өтпелі режимдеріндегі аспаптық өлшемдер орындалмайды. Мазутты жағу кезіндегі ластағыш заттардың шығарындылары жағылған отын мөлшерінен есептік жолмен есепке алынады.

38. Қосалқы өндірістен (шикізат беруді және электр энергиясын бөлуді қоса алғанда) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері осы нормативтерде белгіленбейді, осы өндірістердің эмиссиялары бөлек нормаланады.

39. Көздерден шығарындылардың сапалық және сандық сипаттамалары жабдықтың іс жүзіндегі техникалық көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын есептеу әдістемелеріне сәйкес есептеу әдісімен және аспаптық өлшемдер бойынша айқындалады.

40. Бір тәулік ішінде эмиссиялардың үлестік нормативтерінің орташа мәні нормативтік мәннен аспаған және 30 (отыз) минуттық асып кетудің жиынтық ұзақтығы қазандық қондырғының бір жыл ішіндегі жалпы жұмыс уақытының 3 %-ынан кем болған жағдайда, қазандардан эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін отыз минут ішінде екі есе асыруға жол беріледі.

41. Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезінде шығарындыларды реттеу ластаудың әрбір көзі бойынша эмиссияларды және электр станциясының жұмысының барлық режимдері кезінде шығарындыларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды ескеретін үндестірілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

42. Технологиялық газдардың тозаңданған бөлігі қатты бөлшектерден тазартылады.

43. Тозаңұстағыш қондырғылар ретінде газдарды өрескел, ұсақ тазартуға және санитариялық қосымша тазартуға арналған әртүрлі аппараттар пайдаланылуы мүмкін.

44. Шаң мен газдан тазарту құрылғысының тиімді жұмыс істеуі үшін кәсіпорында қазандардағы газ тазарту қондырғыларын, аспирациялық және желдету жабдықтарын, газ құбырларын ағымдағы және күрделі жөндеуді қоса алғанда, профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

45. Жағу, қуат жинау, тоқтау және өзге де жұмыстар кезінде қазанагрегаттың жұмыс режимдері солардың негізінде үлестік шығарындылардың нормативтері белгіленетін режимдер болып табылмайды.

6.2-параграф. Сарқынды сулар төгінділерінің техникалық үлестік нормативтері

46. Қоршаған ортаға әсерді төмендету мақсатында электр станциясында айналымды сумен жабдықтау жүйелері әрекет етуге тиіс. Айналымды сумен жабдықтау жүйесі – бұл циркуляциялық су дәл сол мақсаттар үшін бірнеше рет пайдаланылатын сумен жабдықтау жүйесі.

47. Өндірістік мұқтаждарға су ашық жеткізу арналары бойынша бөгетсіз су алу арқылы алынады, оның станция маңындағы торабында блоктық сорғы станциялары орналасады. Суқабылдағыш кәсіпорынның су алу жүйесіне балықтардың түсуін болғызбайтын балықтан қорғау құрылғыларымен жабдықталады.

Бастапқы су қажетті химиялық тазартудан өтеді, содан кейін конденсат қорының резервуарларына сақтауға келіп түседі. Энергетикалық блоктың бу-су ысыраптарының орнын толтыру үшін таза су пайдаланылады.

48. Электр энергиясын өндіру жөніндегі кәсіпорындарда күл-қож жинағышта тұндырып және кейіннен тұнған суды дәл сол жүйеге қайтара отырып, күл-қож қалдықтарын күлді сумен шығару жүйесінде тасымалдау үшін айналымды сумен жабдықтау да көзделеді. Айналымды сумен жабдықтау жүйесінде циркуляциялық су бірнеше рет тазартусыз пайдаланылады.

49. Қазандық қондырғыларда отынды жағу кезінде электр энергиясын өндірумен айналысатын кәсіпорындарда энергетикалық жабдықты салқындатудың тік ағынды жүйесін көздеуге жол беріледі, ол кезде турбогенераторлар мен газ-май жүйесі салқындатылғаннан кейін жылу алмасу суын алып қою жүзеге асырылған дәл сол су объектісіне ағызу көзделген.

50. Салқындату жүйесінде пайдаланылатын су нормативтік (шартты түрде) таза болып табылады, себебі, технологиялық аппаратура мен күштік агрегаттарды салқындатқаннан кейін түзілетін қосалқы операциялар мен процестерден алынған, ластанбаған сулардың жоғары температурасы ғана болады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормаланады және бақыланады. Бақылау жармасындағы ағызылатын судың температурасы 30 °C-тан аспауға тиіс.

51. Табиғат пайдаланушы ағызылатын су құрамының су объектісінің су алу ауданындағы (бір су объектісінің суы пайдаланылған жағдайда) судың құрамына сәйкестігі бөлігінде бақылау жүргізеді.

52. Сарқынды суларды су объектілеріне ағызу су көлемдерін есепке алу аспаптарын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Су бұру көлемдерін есепке алу Қазақстан Республикасы су заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Шекті ұйғарынды шығарындылардың нормативтері:

- шарттық міндеттемелерге сәйкес қалалық кәріз желілеріне бұрылатын өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар үшін;
- су объектілеріне жылумен ғана ластанған нормативтік (шартты түрде) таза сарқынды суларды ағызу кезінде белгіленбейді.

6.3-параграф. Қалдықтарды орналастыру кезіндегі техникалық үлестік нормативтер

54. Өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу және оларды орналастыру жөніндегі экологиялық талаптар экологиялық заңнама мен осы нормативтердің нормаларына сәйкес келеді.

55. Электр станциясы қызметінің қатты отынын жағу нәтижесінде түзілетін өндірістік қалдықтар – күл-қождар арнайы жабдықталған полигонда – күл-қож үйіндісінде сақталуға

жатады. Кәсіпорынның күл-қожды шығару жүйесі қазандық қондырғыдан отынның жанбайтын қатты бөлігін – қождар мен тазалау құрылысжайлары ұстап қалған ұшпа күлдің сенімді шығарылуын қамтамасыз етеді.

56. Күл-қож жинағыштарын пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары орындалады. Полигондар үшін белгіленетін экологиялық талаптар қолданылады, бұл ретте күл-қождарды пайдалану немесе түпкілікті көму мақсатында оларды алу үшін техникалық мүмкіндік қамтамасыз етіледі. Күл-қож қалдықтарын орналастыруға арналған полигон құрылысының жобалары құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес орындалады және мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

57. Күл-қож үйінділерін орналастыру мен сақтауға арналған алаңдардың өлшемдері электр станциясының 25 (жиырма бес) жылдан кем емес жұмыс істеуі ескеріле отырып көзделуге тиіс.

58. Күл-қожды сумен сыртқы шығару жүйелері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 247 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 11066 болып тіркелген) Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес келеді.

59. Күл-қож қалдықтарын полигонға тасымалдау пневмосорғылар қолданыла отырып, магистральдық күл-қож құбырлары арқылы гидрокөлікпен жүзеге асырылады. Күлді сумен шығару жүйесін қауіпсіз пайдалану мақсатында күл құбырларының кемінде екі жібін қарастырылады, олардың біреуі резервтік болып табылады. Күлді сумен шығару жүйесі тұйық болып табылады және күл-қождарды тасымалдау үшін тұнған суды қайтаруды (қайтадан пайдалануды) көздейді.

60. Электр энергиясын өндіру процесі кезінде өндіріс қалдықтары үшін осы нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес технологиялық үлестік нормативтер белгіленеді.

61. Қосалқы өндірістердің жұмыс процесінде түзілетін қауіпті қалдықтар арнайы жабдықталған орындарда уақытша сақтауға және шарттық міндеттемелер бойынша қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен және кәдеге жаратумен айналысатын бөгде ұйымдарға одан әрі беруге жатады.

6.4-параграф. Қоршаған ортаға физикалық әсерлер

62. Электр энергиясын өндіру үшін негізгі және қосалқы жұмыстарды жүргізу қоршаған ортаға физикалық әсер ету бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес келеді.

63. Физикалық ластану – бұл қоршаған ортаның физикалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты ластану. Қоршаған ортаның жылу, жарық, шу арқылы, электромагниттік, радиоактивті, радиациялық ластануы физикалық әсерлер болып табылады.

64. Өндірістік кәсіпорындардың дыбыс қысымының жол берілетін деңгейлері, дБ, (дыбыс қысымының баламалы деңгейлері, дБ) және дыбыстың ең жоғары деңгейі Адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

65. Жұмыс орындарында инфра- және ультрадыбыс, шу, жалпы немесе жергілікті діріл, иондаушы және иондамайтын сәулелену көзі болып табылатын жабдықтың шекті ұйғарынды деңгейден асып кетуіне жол берілмейді.

66. Өндірістік объектілерде өндірістік бақылау жүргізіледі, оны өндірістік немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады. Өндірістік объектілерде жүргізілетін өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпарат тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады.

67. Физикалық әсер ету көздері орналасқан жерлердегі объектілерде үй-жайлардың ішінде, жұмыс орындарында, сондай-ақ тұрғын үй құрылыстарын қоршайтын аумақта әсерді азайтуға бағытталған іс-шаралар қарастырылады.

7-тарау. Электр энергиясын өндіру жөніндегі станцияларды пайдалану кезінде бақылау жүргізу

68. Электр энергиясын өндіруге байланысты өндірістік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кәсіпорынды тиімді әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін әртүрлі бақылау түрлерін жүргізеді, соның ішіне кіріс шикізатын бақылау, технологиялық жабдықтың пайдаланылуын бақылау, экологиялық бақылау, жұмыс орындарындағы санитариялық-эпидемиялық бақылау кіреді.

69. Бұл жұмыстар технологиялық процестердің өтуін тұрақты түрде бақылауды қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, штаттан тыс жағдайларға жедел ден қою, өндірістің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

70. Шикізат материалдарының сапасын кіріс бақылау статистикалық бақылау болып табылады және жабдықтың жұмыс процесін уақтылы жоспарлауға мүмкіндік береді.

71. Өндірістік бақылаудың мақсаты объектіде санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында белгіленген талаптардың сақталуына өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және жүргізу арқылы өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету болып табылады.

72. Кәсіпорын халықтың денсаулығына теріс әсерді болғызбауға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған нормативтерді сақтау үшін өндірістік экологиялық бақылау жүргізеді.

73. Өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаттары:

1) табиғат пайдаланушының экологиялық саясатына, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін өндірістік процестерді реттеу құралдарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) табиғат пайдаланушының өндірістік процестерінің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін барынша азайту;

- 4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- 5) штаттан тыс жағдайларға жедел алдын ала ден қою;
- 6) табиғат пайдаланушылардың басшылары мен жұмыскерлерінің экологиялық хабардар болу мен жауаптылығының анағұрлым жоғары деңгейін қалыптастыру;
- 7) кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халық денсаулығы үшін тәуекелдер туралы жұртшылыққа ақпарат беру;
- 8) экологиялық талаптарға сәйкестік деңгейін арттыру;
- 9) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыру;
- 10) инвестициялау және кредиттеу кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алу болып табылады.

74. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

75. Бақылау жүргізу және әртүрлі технологиялық процестерден өту кезінде жылдам ден қою мүмкіндігін арттыру үшін кәсіпорында барлық процестерді автоматты басқару мен байқаудың қазіргі заманғы жүйелері орнатылуы мүмкін.

8-тарау. Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

76. Қуаты 10 МВт және одан көп әрбір жылу электр станциясында электр және жылу жүктемелерінен абсолюттік немесе салыстырмалы есептегенде оның жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің тәуелділігін белгілейтін жабдықтың энергетикалық сипаттамалары әзірленеді.

77. Әрбір энергетикалық объектіде (бұдан әрі – энергия объекті) энергетикалық қондырғылардың жабдықтарына, ғимараттарына, құрылысжайлары мен коммуникацияларына техникалық қызмет көрсету, жоспарлы жөндеу және жаңғырту ұйымдастырылады.

Техникалық қызмет көрсету және жоспарлы жөндеу көлемі жабдықтардың, ғимараттар мен құрылысжайлардың іс жүзіндегі жай-күйі мен нұсқаулықтардың талаптары ескеріле отырып, олардың жарамды және жұмысқа қабілетті жай-күйін ұстап тұру қажеттілігімен айқындалады.

78. Электр станцияларының, қазандықтар мен желілердің негізгі жабдықтарын, ғимараттары мен құрылысжайларын жөндеудің барлық түрлеріне перспективалық және жылдық кестелер жасалуға тиіс.

Барлық жөндеу түрлерінің мерзімділігі мен ұзақтығы жабдықтың осы түрін жөндеуге кәсіпорынның техникалық басшысы бекітетін нұсқаулықтарда белгіленеді.

79. Энергетикалық объектілердің персоналы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылысжайларды жөндеудің және оларға техникалық қызмет көрсетудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жүйелі есепке алуды жүргізеді.

80. Энергетикалық объектілерде жабдықты техникалық жарамды жай-күйде ұстап тұру үшін қажетті жөндеу-пайдалану базалары жабдықталады.

81. Энергетикалық объектілердің жабдықтарына бас корпуста, қосалқы ғимараттар

мен құрылысжайларда стационарлық және түгендемелік жүк көтергіш машиналар және жөндеуді механикаландыру құралдары қызмет көрсетеді.

82. Энергетикалық объектілер, жөндеу және жөндеу-баптау ұйымдары жөндеуді уақтылы әрі сапалы жүргізу үшін жөндеу құжаттамасымен, жөндеу жұмыстарына арналған құрал-саймандармен және өндіріс құралдарымен жиынтықталады.

83. Әрбір энергетикалық объектіде энергетикалық қондырғылардың (жабдықтардың, ғимараттар мен құрылысжайлардың) техникалық жай-күйіне тұрақты және мерзімді бақылау (қарап-тексерулер, техникалық куәландырулар) ұйымдастырылады, олардың жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адамдар тобы айқындалады, сондай-ақ техникалық және технологиялық қадағалау бойынша персоналдар тағайындалып, лауазымдық міндеттері бекітіледі.

84. Энергетикалық объектінің құрамына кіретін барлық технологиялық жүйелер, жабдықтар, ғимараттар мен құрылысжайлар, оның ішінде гидроқұрылысжайлар мерзімді техникалық куәландырудан өткізіледі.

85. Әрбір энергетикалық объектіде әрбір цех, кіші станция, аудан, учаске, зертхана және қызмет үшін қажетті нұсқаулықтар, ережелер, технологиялық және жедел схемалар тізбесі белгіленеді, оны энергетикалық объектінің техникалық басшысы бекітеді.

86. Энергетикалық қондырғылардың жұмысы кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының және су объектілеріне төгінділердің қоршаған ортаға зиянды әсерінің, шудың, дірілдің, электр және магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің алдын алу немесе оларды шектеу үшін, сондай-ақ қайтарымсыз ысыраптар мен суды тұтыну көлемдерін қысқарту бойынша шаралар қабылданады. Шығарындыларды тазартуға арналған құрылысжайларды, жабдықтар мен аппаратураны бір мезгілде реконструкцияламай қоршаған ортаға эмиссиялардың ұлғаюымен қатар жүретін технологиялық жабдықтың өнімділігін ұлғайтуға жол берілмейді.

87. Осы нормативтерде белгіленген, қазандық қондырғыларда отынды жағу кезінде электр энергиясын өндірген кезде қоршаған ортаға эмиссияларға қойылатын талаптарды қамтамасыз ету үшін мынадай шарттар орындалады:

- 1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы орындалады;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертхананы тарта отырып, бекітілген кестеге сәйкес электр энергиясын өндіру кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың өлшемдері жүргізіледі;
- 3) жабдыққа техникалық қызмет көрсетіледі, оны профилактикалық, ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша ұйымдастырушылық техникалық іс-шаралар, сондай-ақ оны жаңғырту мен ауыстыру жүргізіледі;
- 4) өндіріс процесінде жобада көзделген барлық негізгі ағынды-сорғылы және аспирациялық желдету қондырғыларының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі;
- 5) технологиялық процестердің жабдығы машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы заңнаманың талаптарына, Қазақстан Республикасындағы басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келеді;
- 6) жарылыс-өрт қауіпті және зиянды булармен, газдармен және тозақмен жұмыс істеуге арналған технологиялық жабдық, аппараттар мен құбыржолдар қымтаулы бо-

лып табылады, ал зиянды бөліністер болуы мүмкін орынды толық қымтау мүмкін болмаған кезде осы нормативтер талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін жергілікті сорғыштармен жабдықталады.

